

Протокол анализа Отчета подобия Научным руководителем

Заявляю, что я ознакомился(-ась) с Полным отчетом подобия, который был сгенерирован Системой выявления и предотвращения плагиата в отношении работы:

Автор: Жақсылық Рима

Название: Жаксылык Рима.doc

Координатор: Жибек Алибиева

Коэффициент подобия 1: 2,7

Коэффициент подобия 2: 2,1

Тревога: 6

После анализа Отчета подобия констатирую следующее:

- обнаруженные в работе заимствования являются добросовестными и не обладают признаками плагиата. В связи с чем, признаю работу самостоятельной и допускаю ее к защите;
- обнаруженные в работе заимствования не обладают признаками плагиата, но их чрезмерное количество вызывает сомнения в отношении ценности работы по существу и отсутствием самостоятельности ее автора. В связи с чем, работа должна быть вновь отредактирована с целью ограничения заимствований;
- обнаруженные в работе заимствования являются недобросовестными и обладают признаками плагиата, или в ней содержатся преднамеренные искажения текста, указывающие на попытки сокрытия недобросовестных заимствований. В связи с чем, не допускаю работу к защите.

Обоснование:

.....
.....
.....
.....
.....

..6.05.2019..

Дата

О.И. Акишев И.И.

Подпись Научного руководителя

Қ.И. Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық зерттеу университеті

Мамандығы 5В070400 – Есептеу техникасы және бағдарламалық қамтамасыз ету

Студент Жақсылық Рима

Тақырыбы: “Турист – жолкөрсеткіші” автоматтандырылған ақпараттық іздеу жүйесін өңдеу

ҒЫЛЫМИ ЖЕТЕКШІНІҢ СЫН-ПІКІРІ

Диплом жобасын жасаушы Жақсылық Риманың алдына турист – жолкөрсеткіші автоматтандырылған ақпараттық іздеу жүйесінің мобильді қосымшасын өңдеу тапсырмасы қойылған.

Дипломдық жоба қала тұрғындары үшін және шет ел азаматтары үшін қолайлы және кез келген ақпаратты іздеу жұмысын жеңілдетуге мүмкіндік беретін мобильді қосымша дайындаған.

Дипломдық жұмыс кіріспеден, үш бөлімнен, қолданылған әдебиеттер тізімінен және қорытындыдан тұрады. Бірінші бөлімде мобильді платформалардың түрлері, туризм саласындағы мобильді қосымшалардың рөлі және ұқсас мобильді қосымшаларға шолу және оларды талдау жасалынды. Екінші бөлім мобильді қосымшаның жобалау бөлімі болып табылады. Үшінші бөлімде алдыға қойылған мобильді қосымшаны құру және оны жүзеге асыру көрсетілген.

Жұмыс барысындағы орындалуы керек басты міндеттер: Android операциялық жүйесінде мобильді қосымшаларды әзірлеудің архитектурасын, құралдарын және де ерекшеліктерін зерттеу; Google Play дүкеніндегі туризм саласына байланысты ұқсас мобильді қосымшаларға анализ жасау; автобус, троллейбус сынды транспорттардың маршрутын көрсететін мобильді қосымшалармен байланыстыру.

Менің пікірімше, диплом жазушы алдына қойылған тапсырманы толығымен орындады және ақпараттық жүйелердің заманауи технологияларын меңгергендігін көрсетті.

Жоба жетекшісі ретінде бұл дипломдық жобаны өз деңгейіне сәйкес деп есептей отырып Жақсылық Риманы 5В070400 – «Есептеу техникасы және бағдарламалық қамтамасыз ету» мамандығы бойынша «Техника және технологиялар бакалавры» академиялық дәрежесін тағайындауға болады деп есептеймін.

ҒЫЛЫМИ ЖЕТЕКШІ

«Компьютерлік және программалық инженерия»

кафедрасының лекторы «01» 05 2019 жыл

 **Ж.М. Алибиева**

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ

СӘТБАЕВ УНИВЕРСИТЕТІ

Ақпараттық және телекоммуникациялық технологиялар институты

Программалық инженерия кафедрасы

Жақсылық Рима Уәлиханқызы

**«Турист – жолкөрсеткіші» автоматтандырылған ақпараттық іздеу жүйесін
өңдеу**

**Дипломдық жобаға
ТҮСІНІКТЕМЕЛІК ЖАЗБА**

**5B070400 – «Есептеу техникасы және бағдарламалық қамтамасыз ету»
мамандығы**

Алматы 2019

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ

СӘТБАЕВ УНИВЕРСИТЕТІ

Ақпараттық және телекоммуникациялық технологиялар институты


Программалық инженерия кафедрасы

ҚОРҒАУҒА ЖІБЕРІЛДІ

Кафедра меңгерушісі

тех. ғыл. кандидаты, доцент,

ассистент-профессор

 Р. Юнусов

" 13 " мел 2019 ж.

Дипломдық жобаға

ТҮСІНІКТЕМЕЛІК ЖАЗБА

Тақырыбы: «Турист – жолкөрсеткіші» автоматтандырылған ақпараттық іздеу жүйесін өңдеу


5B070400 – «Есептеу техникасы және бағдарламалық қамтамасыз ету»

Орындаған

Р. У. Жақсылық

Ғылыми жетекші

техн. ғыл. магистрі, лектор

 Ж. М. Алибиева

" 30 " 04 2019 ж.

Алматы 2019

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ

СӘТБАЕВ УНИВЕРСИТЕТІ

Ақпараттық және телекоммуникациялық технологиялар институты


Программалық инженерия кафедрасы

5B070400 – «Есептеу техникасы және бағдарламалық қамтамасыз ету»

БЕКІТЕМІН

Кафедра меңгерушісі

тех. ғыл. кандидаты, доцент,
ассистент-профессор

 Р. Юнусов
"13" маусым 2019 ж.

**Дипломдық жоба орындауға
ТАПСЫРМА**

Білім алушы: Жақсылық Рима Уәлиханқызы

Тақырыбы: «Турист-жолкөрсеткіші» автоматтандырылған іздеу жүйесін өңдеу

Университет академиялық мәселелер жөніндегі проректорының бұйрығымен «14» наурыз 2018ж. № 1841-б шешімімен бекітілген.

Орындалған жобаның өткізу мерзімі «13» мамыр 2019 ж.

Дипломдық жұмыстың бастапқы мәліметтері: Ұсынылатын дипломдық жобаны құру барысында турист-жолкөрсеткіші автоматтандырылған іздеу жүйесінің мобильді қосымшасын құру.

Есеп – түсініктеме жазбаның талқылауға берілген сұрақтардың тізімі:

а) аналитикалық шолу;

б) жобалау бөлімі;

в) қолданбалы бөлім;

г) А Қосымшасы – техникалық тапсырма.

д) Б Қосымшасы – бағдарлама мәтіні.

Жобаның презентациялық 22 слайды ұсынылған.

Ұсынылған негізгі әдебиеттер: 20 атау.

**Дипломдық жобаны орындау
КЕСТЕСІ**

Бөлімдердің атаулары, зерттелген мәселелердің тізімі	Ғылыми жетекшіге және кеңесшілерге ұсыну мерзімі	Ескерту
1. Диплом жұмысының жоспар-құрылымын құру.	14.01.2019	<i>жақ</i>
2. Тапсырма қойылымы және бағдарламалау ортасын таңдау	18.01.2019	<i>жақ</i>
3. Зерттеу тақырыбы бойынша ғылыми теориялық материалдарды жинау және негізгі бөлім беру бойынша есеп беру жазбасын дайындау	01.02.2019	<i>жақ</i>
4. Дипломның екінші бөлімі – жобалау сызбаларын дайындау.	15.02.2019	<i>жақ</i>
5. Жобаның веб-қосымшасын тестілеуден өткізу.	18.03.2019	<i>жақ</i>
6. Дипломдық жобаға түсіндірме жазба жазуды аяқтау	26.04.2019	<i>жақ</i>

Дипломдық жұмыс бөлімдерінің кеңесшілерінің аяқталған жұмысқа қойған қолтаңбалары

Бөлімдер атауы	Кеңес берушілер (аты-жөні, тегі, ғылыми дәрежесі, атағы)	Қолтаңба қойылған мерзімі	Қолы
Нормалық бақылаушы	Таурбекова А. А. Лектор	04.05.19	<i>Алибиева</i>
Бағдарламалық бөлім	Қалдыбеков С. Б. сениор-лектор	06.05.19	<i>Жақсылық</i>

Ғылыми жетекші _____

Алибиева Ж.М.

Тапсырманы орындауға қабылдап алған студент _____

Жақсылық. Р.У.

Күні _____

«12» 05 2018 ж.

АҢДАТПА

Қазіргі кезде барлық дерлік адамдар ұялы телефонды өте көп қолданады. Кез келген уақытта осы ықшам құрылғымен бізді қызықтыратын ақпаратты табуға, әріптестерін, олардың туыстары мен достары байланыстыра алуға болады. Барлығы ноутбук, ұялы телефонды әрдайым қолданады.

Ұялы телефонды құрудағы басты негізгі мақсат: адамдар арасындағы қарым-қатынасты кедергісіз жүзеге асыру. Бірақ прогресс бір орында тұрмайды, ал смартфондар ұялы телефондарға қарағанда әлдеқайда функционалды және барлық керекті нәрсені ауыстыра алады. Өмірдегі көптеген салаларда телефонсыз жұмыс істеу мүмкін емес. Туризм саласы да ерекшелік емес. Осы деректерге байланысты, жобаның клиенттік бөлімі Android платформасында жасалды.

Шетелдік континенттегі танымайтын бір елде өзіңізді жайлы сезіну үшін, сіздерге заманға сай коммуникаторлар олуы жеткілікті. Туристердің негізгі қажеттіліктері: экскурсиялар, қаладағы ауқымды шараларға қатысу, азық-түлік, мекен ету орындары және сувенирлер сатып алу. Қонақ үй брондау, картадағы қызықты орындарды қарау, мейрамхананы таңдау немесе валютаны айырбастау сынды операцияларды орындау үшін, тек қана интернетке шығатын смартфонның болғаны жеткілікті. Жоғары айтылған әрекетермен онлайн режиммен жұмыс істеуге ыңғайлы.

АННОТАЦИЯ

В настоящее время практически все люди пользуются мобильным телефоном. В любое время суток в мобильном телефоне можно поговорить с родными, найти нужную информацию. Все пользуются ноутбуками и мобильными телефонами.

Главной идеей создания мобильного телефона: осуществить беспрепятственную коммуникацию между людьми. Но прогресс не стоит на месте, и на место мобильным телефонам приходят смартфоны, которые намного функциональней и могут заменить практически все. Во многих сферах жизни без телефонов невозможно обойтись. Сфера туризма не является исключением. В связи с этими данными клиентская часть проекта разработана на платформе Android.

Для того, чтобы комфортно чувствовать себя в чужом городе, стране, на чужом континенте, достаточно иметь при себе современный коммуникатор. Основные потребности туристов это: обзор достопримечательностей, участие в мероприятиях городского масштаба, планирование культурной программы, питание, проживание, приобретение сувениров на память. И все это становится гораздо удобнее, когда есть возможность воспользоваться смартфоном для выхода в Интернет, чтобы забронировать отель, посмотреть на карте интересное место, подобрать ресторан или переконвертировать валюту. Все перечисленные действия удобно совершать в режиме онлайн.

ANNOTATION

Currently practically all people use a mobile phone. At any time of the day in your mobile phone you can talk with your family, find the information you need. All use laptops and mobile phones.

The main idea of creating a mobile phone: to implement unhindered communication between people. But progress does not stand still, and smart phones come to the place of mobile phones, which are much more functional and can replace almost everything. In many areas of life without phones it is impossible to do. Tourism is no exception. In connection with this data, the client side of the project was developed on the Android platform.

In order to feel comfortable in a strange city, a country on a foreign continent, it is enough to have a modern communicator with you. The main needs of tourists are: sightseeing, participation in city scale events, cultural program planning, food, accommodation, purchase of souvenirs. And it all becomes it is much more convenient when you have the opportunity to use a smartphone to access the Internet to book a hotel, look at the place of interest on the map, select a restaurant or convert the currency. Everything it is convenient to perform these actions online.

МАЗМҰНЫ

Кіріспе	8
1 Негізгі бөлім	10
1.1 Теориялық аспектілер	10
1.2 Туризмдегі мобилді қосымшалар	10
1.3 Туризмді дамытудағы мобильді қосымшалардың рөлі	11
1.4 Мобильді платформаларға шолу	12
1.5 Ұқсас мобильді қосымшаларға шолу	14
2 Жобалау бөлімі	16
2.1 UML тілі	16
2.2 Прецеденттер диаграммасы	16
2.3 Класстар диаграммасы	18
2.4 Тізбек диаграммасы	19
2.5 Кооперация диаграммасы	21
2.6 Күй диаграммасы	22
2.7 ER диаграммасы	23
3 Мобильді қосымшаны құру және оны іске асыру	24
3.1 Автоматтандырылған турист-жолкөрсеткіш проектісі	24
3.2 Жобаланған объектінің архитектурасы	24
3.3 Қолданушы интерфейсі	26
Қорытынды	38
Пайдаланылған әдебиеттер тізімі	40
А қосымшасы. Техникалық тапсырма	41
Б қосымшасы. Бағдарлама мәтіні	46

КІРІСПЕ

Қазіргі таңда ХХІ ғасыр ақпараттық технологиялар ғасырына айналды және бүгінгі күні мұндай технологиялар адам өмірінің барлық салаларына дерлік еніп отыр. Заманауи адамдар бір күнде смартфондар мен планшеттерсіз өмір сүре алмайды. Қазіргі уақытта әр адамның ұялы телефоны бар, және сол құралы күнделікті өмірде таптырмас құралына айналды. Ұялы телефонды құру идеясы ең алғаш рет: адамдардың арасындағы кедергісіз қарым-қатынасты орнаут үшін пайда болған құрылғы. Бірақ заман өзгерген сайын прогресс бір орында тұрмайды және сол себепті де ұялы телефондардың орнына смартфондар пайда бола бастады. Смартфондар ұялы телефондарға қарағанда әлдеқайда функционалды және барлық дерлік заттарды алмастыра алады.

Бірте-бірте нарықта ақылды құрылғылар пайда бола бастады. Олар: планшеттер, сағаттар, коммуникаторлар және басқа да цифрлық құрылғылар кез келген жас санатындағы адамдар үшін өте ыңғайлы. Жоғарыда тізіліп айтылған құралдарды кез келген жұмыс салаларында елестетпеу мүмкін емес. Бұл жағдайда туризм саласыда қалыс қалмайды.

Басқа қалада, шет елде немесе басқа мемлекетте өзіңізді жайлы сезіну үшін, сізде тек қана заманауи бағдарламалық қамтаманың болғаны жеткілікті. Туристерге қажетті ең негізгі сапарлар тізімі мынадай: экскурсиялар, қаланың ауқымды іс-шараларына қатысу, мәдени бағдарламаларды жоспарлау, тамақтану, қонақ үйлер, естелікке толы кәдесый сатып алу. Смартфоныңызда интернет желісі болатын болса, қонақ үйге тапсырыс беру, көңіл көтеретін қызықты сауық-ойындар орталықтарын картадан көруге, валютаны айырбастау және мейрамханаға тапсырыс беру әлдеқайда оңай және тез жүзеге асады. Бұл айтылған барлық әрекеттер онлайн режимде жұмыс істейді.

Қазіргі уақытта біздің елімізде, соның ішінде Алматы қаласында ішкі туризм жақсы даму үстінде. Көптеген меткеп оқушылары, студенттер, жасы үлкен қарт кісілер, басқа да қала тұрғындары және де туристтер демалыс күндері өзінің әсем табиғатымен, өзен-көлдерімен, сәулетімен, сұлулығымен таңылған демалыс орындарына барып тұрады.

Алматы – Қазақстанның ең ірі мегаполисі. Ғылыми, білім беру, мәдени, тарихи, экономикалық, қаржылық, банктік және елдің индустриялық орталығы болып табылады. Қаланың аты - Алматы, «алма қаласы» деп аударылады. Алматы Іле Алатауының бөктерінде, Тянь-Шаньның солтүстік жотасының етегінде, Қазақстан Республикасының оңтүстік-шығысында, Еуразия құрлығының орталығында орналасқан. Алматы қаласының аумағында бақтар мен бақшалар, саябақтар тоғыз мыңнан астам гектар жерді алып жатыр. Қазіргі таңда Алматы қаласында 18 театр, 45 мұражай мен сурет галереялары бар. Мұнда музыканың түрлі салаларындағы көптеген фестивальдар өтуде: Джаз, рок фестивальдары және ретро фестивальдары. Алматыда қаланың ерекше мәртебесін көтеретін Қазақстандағы ірі банктердің бөлімшелері, көп ұлтты қаржы институттар және еншілес компаниялар орналасқан. Қазақстан Ұлттық

ғылым академиясы, Орталық Азия географиялық қоғамы, «Каменское плато» обсерваториясы, сондай-ақ көптеген жетекші университеттер мен ғылыми-зерттеу институттары бар.

Қаланың шетінде Медеу және Шымбұлақ тау шаңғысы орталығы секілді көптеген спорт кешендері, альпинист туристік лагерлер, шипажайлар, демалыс орталықтары, және кемпингтер салынған. Дәл қазір ХХІ ғасыр ақпараттық технологиялар заманы болғандықтан неше түрлі бағдарламалық қамтамаларды кездестіруге болады. Тіпті белгілі бір тақырыптағы бағдарламаны іздеген күннің өзінде сол бағдарламаға ұқсас көптеген, бірақ айырмашылығы бар бірнеше бағдарламаларды көруге болады. Сол сияқты туристік бағдарламалардың да түрлері өте көп. Бірі туристерге маршрутты көрсететін болса, бірі қала туралы мағлұматтар береді, ал тағы да басқасы жақын маңдағы денсаулық сақтау орындарын көрсетеді. Бұндай бағдарламалар әсіресе Нұрсұлтан, Алматы, Шымкент сынды ірі-ірі қалаларда туристік бағдарламалық қамтамаларға сұраныс өте көп болады. Себебі бұл аталмыш қалаларға туристер өте көп қыдырып келеді. Осындай бағдарламалық қамтамалар тек ірі-ірі қалаларға ғана емес, сондай жалпы Қазақстанымыздың түкпір-түкпіріндегі кереметтерін көрсететін, сипаттайтын бағдарламалық қамтамалар да бар. Осы сынды туристік бағдарламалық қамтамалар кез-келген мемлекетте барына күмән келтіруге болмайды.

Туризм саласы арқылы мемлекеттің экономикалық жағдайын кішкене болса да жақсартуға болады. Алматы қаласының ішкі туризмін дамыту мақсатында “Турист-жолкөрсеткіші” атты мобильді қосымша құруды шештім.

“Турист – жолкөрсеткіші” мобилді қосымшасының басты мақсаты туристер, студенттер мен қала тұрғындарына және қонақтарына арналған Алматы қаласының табиғатына, тауларына, қызықты да әдемі жерлеріне арналған навигациялық мобилді бағдарлама болып табылады.

Жобаның құрылудағы басты өзектілігі бағдарламалық қамтаманы құруда оның жеңілділігі, қызықтылығы мен қанықтылығында. Қолдану қолдану барысында қолданушыға ешқандай қиындықтар, ыңғайсыздық туындаттыратын мәселелер болмайды.

“Турист – жолкөрсеткіші” мобилді қосымшасында мақсатқа сәйкес орындалуы керек міндеттер:

– Android операциялық жүйесінде мобилді қосымшаларды әзірлеудің архитектурасын, құралдарын және де ерекшеліктерін зерттеу;

– Google Play дүкеніндегі туризм саласына байланысты ұқсас мобилді қосымшаларға анализ жасау;

– объектіні картадан көрсету, көрсетілген контактілік нөмерге телефон соғу;

– автобус, троллейбус сынды транспорттардың маршрутын көрсететін мобилді қосымшалармен байланыстыру;

– туристерге арнап алғашқы жедел көмек көрсететін байланыс нөмерлері бар бөлімдерді қосу.

1 Негізгі бөлім

1.1 Теориялық аспектілер

Дәл қазіргі таңда тек Алматы қаласы бойынша ғана емес, сондай-ақ еліміздің ірі-ірі қалаларына арналып жасалған көптеген экскурсиялық бағдарламалар бар. Сол бағдарламалық қамтамалар арқылы әр адам өзінің қалауы бойынша түрлі қызықты, тарихи мекендерге, таулы аймақтарға, көңіл көтеру орындарына және тағы да басқа жерлерге бара алады. Жобаның басты өзекті мәселесі іс-шараны өткізу барысында оның жеңілділігі, қызықтылығы мен қанықтылығында. Экскурсия кезінде экскурсияны ұйымдастырушы адамдар баратын елді-мекен жайында толық ақпаратты білу керек және де баратын жерлері қызықты болуы керек, әйтпесе туристердің ақшалары мен уақыттары зая кетеді. Жақсы тур өту үшін ең маңызды факторлар ретінде тасымалдау мен бағдарға белгіленген орындардың қашықтығы. Сонымен қоса бағдарламадан шығаруға болмайтын мәселердің бірі тамақтану орындарының болуы, себебі турлар бір сағатқа созылмайды, сондықтан да тамақтану орындары туралы мағлұматтар болғаны дұрыс.

1.2 Туризмдегі мобилді қосымшалар

Туризм және саяхат көптеген адамдарның өмірінің ажырамас бөлігі болып табылады, өйткені сіздің қалауыңыз бен қажет мөлшердегі ақшаңыздың болуы кез – келген жерді аралауыңызға мүмкіндік береді. Көптеген адамдар саяхаттау барысында жаңа эмоцияларды, жаңа әдемі жерлерді тамашалау үшін және абасқа шет ел азаматтарымен араласу үшін саяхаттайды. Қазір туристердің саны өте көп және де сол себепті ұялы телефон қосымшаларының әзірлеушілері туристерге арнайы бағдарламаларды жасауды қолға алды. Танымайтын өзі бұрын көрмеген елді-мекендерді танып білуге бұл бағдарламалық қамтамалардың көмегі өте зор.

Қазіргі таңда кез келген адамда кем дегенде бір карта қызметін көрсететін мобилді қосымша орнатылған, оның өзі іс жүзінде туристік бағдарлама болып табылады. Бірақ GPS және ГЛОННАС функциялары орнатылған қарапайым карталарға қарағанда, қазіргі кезде неғұрлым озық функцияларды қолданатын карталар да кездеседі. Бірақ мұндай қосымшалар тек қана саяхатшыларға ғана емес, сонымен қоса өз қаласын ешқашан тастамаған адамдарға да қызмет етеді. Қаланың гидтері қалада болған оқиғалар туралы, бұрын сонды болмаған белгісіз кез келген қызықты оқиғалар мен орындар туралы білуге көмектеседі, сонымен қоса сіздің сүйікті тобыңыздың концертін болсын, белгілі суретшінің көрмесін немесе театр қойылымдарын болсын тауып беруге әзір. Олар сондай – ақ қала ішінде ең қысқа бағытты көрсетуге, автобусстар мен троллейбустардың

маршруттық нөмерлерін анықтауға және де қызықты көңіл көтеретін орындарды табуға көмектеседі.

1.3 Туризмді дамытудағы мобильді қосымшалардың рөлі

Туризм индустриясының дамуы қазіргі кезеңдегі ақпараттық технологиялар мен бағдарламалық қамтамасыз етуге маңызды рөл атқарады. Эволюциялық және технологиялық прогресстер туризмге енуде және экскурсиялық іс-шараларды ұйымдастырушылар мобильді телефондарға арналған GPS новигациясы бойынша жұмыс істейтін мультимедиялық бағыттаушы бағдарламалық қамтамаларды туристерге арнайы әзірлеп және оны туристерге ұсынуда. Туризм және саяхат – бұл әлемдегі ең ірі өндірістердің бірі және жаһандық экономикалық даму үшін зор ынталандыру болып табылады.

Жетекші ғалымдардың еңбектеріне көз жүгіртетін болсақ туристік және қонақ үй бизнесін дамытуға ақпараттық технологиялардың рөлі мен ықпалы туралы мағлұмат, ақпараттар зерттелінді, қазақстандық туризм мен қонақжайлық нарығын дамыту тұрғасында жаһандық брондау жүйелерін пайдалану және туристік қызметтерді резервтеудің мүмкіндіктері мен артықшылықтары, сондай-ақ әлеуметтік және мәдени қызметтер мен туризмде мультимедиялық технологияларды пайдалану ұсынылады. Әлемдік экономиканың жаһандану жағдайында туризм сервистік сектордың негізгі құраушысы және мемлекеттер мен аймақтарды дамытуда маңызды рөлдердің бірін атқарады.

IT-әзірлеушілер мен туристік нарықтағы ең озық ойыншылардың арасында, соның ішінде қазақстандық туристерге бизнесті оңтайландыру және сапасын арттыру үшін мобильді технологияларды енгізу және оны қолданыста бейімдеу бойынша белсенді жұмыстар жүргізілуде. Болашақта бұл мобильді технологиялар іздестірілуге және тапсырыс беруге өзінің үлкен әсерін және көп көмегін тигізеді. Қазіргі заманғы операциялық жүйелер мен саяхатшыларға арналған пайдалы бағдарламалар жиынтығының ұялы телефонда болуы, уақыт пен ақшаны үнемдеудің бір жолы мен көрікті жерлерге жетуге және саяхат кезінде көмекші болуға көмектеседі. Сондай-ақ мобильді технологиялар саудада өте маңызды рөл атқарады. Қазіргі таңда саяхаттаушы ұялы телефонның көмегімен ұшақпен ұшу үшін төлем жасай алады, тіркелу және отырғызу үшін қажетті өзінің арнайы штрих-кодын да ала алады.

Туристік үдерістерді ақпараттандыру және компьютерлендіруге қарамастан және соңғы жылдарда жылжымалы гидтардың жолаушыларға арналған өтініштері ретінде пайда болуына қарамастан, осы нарықтың нашар қанықтылығын атап өту керек. Бәсекеге қабілетті ортада қазіргі замандағы туристердің талаптарына сәйкес келетін сапалы өнім болғаны дұрыс.

Бүгінгі күні планшеттер мен смартфондарға арналған мобильді қосымшалар ішкі туризмді ынталандырудың инновациялық құралы және

инвестициялық жобаларды насихаттау болып табылады. Мобильді қосымшалардың негізгі артықшылықтары: бренд пен пайдаланушы арасындағы оңайлатылған байланыс, экономикалық пайда экономикалық пайда мен пайдаланудың қарапайымдылығы. Компания ерекшелігіне және ағымдағы бизнес басымдықтарына бацланысты мобильді қосымшалар жаңа тұтынушылар тартудың маркетингтік құралы немесе қолданыстағы клиент базасымен жұмыс істеу үшін қолайлы қызмет болуы мүмкін.

Интерактивті бағыттаушылар маршруттарды геолокациялауға және құруға, әлеуметтік желілерге интеграциялауға, виртуалды галереяларға, желіге тұрақты байланыссыз қолдануға, анимациялық графикаға, 3D, аудио түсіндірмелерге, жан-жақты панорамаларға ие. Сондай-ақ мүмкіндігі шектеулі адамдар үшін инфрақұрылымның барлық түрлері туралы ақпаратты енгізу болады.

Қазіргі заманғы мобильді гидтер интреактивтілікті, қол жетімділікті, ақпараттық мазмұнды және кәсіби мазмұнды біріктіру керек. Алдымен пайдаланушының жағдайын анықтап, картадағы объектілерді тауыпғ жоғары сапалы медиа мазмұнды, мәдени объектілердің аудио-визуалды сипаттамасын, туристік маршруттарды қамтамасыз етуге және туристер мен жергілікті бағыттаушыларды байланыстыруға тиісті.

1.4 Мобильді платформаларға шолу

Дәл қазіргі уақытта мобильді телефондарға арналған көптеген түрлі операциялық жүйелер бар, бірақ та олардың тек үшеуі ғана танымал болып өз рейтингісін ұстап тұр. Олар: iOS, Android, Windows Phone. Бұл платформалардың әрқайсысының өздеріне тән ерекшеліктері, артықшылықтары мен кемшіліктері бар, соған қарамастан олар бүгінгі күні ең танымал мобильді операциялық жүйелердің бірі. Ал енді платформалардың әрқайсысына шолу жасайық.

Android платформасы – бұл Google компаниясына тиесілі Android Inc компаниясы дайындаған мобильді операциялық жүйе, ол 2008 жылдың қыркүйек айында жарық көрді. Linux ядросының негізінде Java тілінде қосымшаларды жазу үшін пайдаланылады. Қазіргі таңда операциялық жүйе смартфондар, планшеттер, музыкалық плеерлер, ақылды сағаттар және теледидар сияқты құрылғыларда қолданылады, енді компания Android-ты тіпті автокөліктерге де орнатуды жоспарлауда. Бұл операциялық жүйе ашық жүйе, яғни оның бастапқы коды барлық адамға қолжетімді және кез-келген адам Android платформасымен таныса алады. Мобильді құрылғылар нарығындағы ең танымал операциялық жүйе, оны барлық мобильді электрониканы өндірушілер қолданатындығына байланысты және Android операциялық жүйесінде жасалған көптеген құрылғылар басқа бәсекелестеріне қарағанда әлдеқайда арзан. Жаңа қосымшаларды орнату үшін пайдаланушы Google Play дүкенін пайдалана

алады, бірақ ба ол үшін лицензиялық келісімде растау арқылы Google есептік жазбасын (аккаунт) жасау керек. Стандартты қолданба дүкенінен басқа, сонымен қатар Yandex Market дүкені арқылы да жүктеуге болады. Шын мәнісінде операциялық жүйенің соңғы нұсқасы Android 6.0 Marshmallow деп аталады. Android 5.0 нұсқасынан бастап материалдық дизайн деп аталатын меншікті қолданбалы дизайн қолданылатын болды және ол барлық жаңа әзірленген бағдарламаларға сәйкес келуі керек. Арнайы оңай даму ортасын әзірлеу үшін Google 2014 жылы Android Studio платформасын жасап шығарды. Бұған дейін қосымшаларды Eclipse деген әзірлеу ортасында жазды. Өзіңіз әзірлеген бағдарламаны Google Play каталогына орналастыру үшін әзірлеуші шамамен 25 доллар мөлшерінде ақы төлеу керек.

iOS платформасы – бұл америкалық Apple компаниясының әзірлеген және шығарған операциялық жүйесі, оның ең алғашқы нұсқасы iOS 1 және ол 2007 жылдың басында шығарылды. Ол өзінің Apple компаниясынан шығарған жабдықтарда ғана орнатылады. Мысалы: iPhone, iPad, iWatch, AppleTV және т.б. Ол XNU деп аталатын меншікті ядроға негізделген, ядро Apple-дің жасаған дербес компьютерлеріне арнаған OSX операциялық жүйесіне өте ұқсас. Android-қа дейінгі әлем бойынша ең танымал екінші мобильді операциялық жүйелердің бірі. Жүйенің өзінің AppStore атты қосымшалар дүкені бар және ол 1,5 миллионға жуық бағдарламаларды қамтиды. Бағдарламаны жасау үшін Xcode ортасы пайдаланылады, бірақ ол қайтадан тек қана Apple компьютерлері бар пайдаланушыларға қол жетімді. Бағдарламаларды C++ бағытталған бағдарламалау тілінде жазады. Егерде сіз өзінің қосымшаңызды дүкен каталогтарына шығару үшін, Google Play дүкеніне орналастырған сияқты әзірлеуші лицензиясына 100 доллар мөлшерінде төлем жасау керек. Әзірлеуші лицензиясын жыл сайын жаңартып тұру керек. Операциялық жүйе жабық, бірақ оның бастапқы коды пайдаланушыларға қол жетімді емес.

Windows Phone платформасы – жүйені 2010 жылы Microsoft компаниясының мобильді құрылғыларға арнайы шығарған операциялық жүйесі. Ол үш көшбасшы операциялық жүйелердің қатарына кіреді, пайдаланушылар санының өте қарапайым көрсеткішіне ие және пайдаланушыларының аз болуының өзіндік себептері бар. Windows Phone-да Metro деп аталатын өзінің бірегей бәсекелестерінен артық пайдаланушы интерфейсі бар. Интерфейс әр түрлі мөлшердегі тіктөртбұрышты динамикалық тақталардан тұрады және ол қолданба жапсырмасы, контакті немесе вет-беттің бетбелгісі болуы мүмкін. Бұл интерфейс тұтынушылар арасында көптеген дау тудырды, себебі кейбіреулер оны ұнатпады сол себепті де жүйенің танымалдылығы төмендеді. Windows Phone дүкенінде өзінің бірнеше мыңдаған қосымшасы болса да, YouTube-тағы бейнелерді көруге және әр түрлі әлеуметтік желілерде әңгімелесуге арналған қазіргі заманғы адамның талаптарын қанағаттандыра алмайтын Windows Phone дүкені бар. Жоғары да көрсетілген қызметтер үшін әлі де ресми өтініш жоқ. Бағдарламаларды әзірлеу үшін C отбасының C++, C# сияқты тілдерін қолдануға болады. Бұл операциялық жүйе өте аз құрылғыларда орнатылды, бұрындары Windows Phone-мен жұмыс

істейтін құрылғылардың өндірісі фин компаниясы NOKIA-ға тиесілі болған, бірақ қазіргі уақытта Microsoft-тың өзі қолға алды. Windows 10 Мобильді жаңартумен шығарылған кезде, өндірушілер осы жүйемен бірге планшетті компьютерлерді өндіруге үлкен қызығушылықты танытты, себебі бұл алдыңғының пайдалану форматынан әлдеқайда қолайлы.

Бұл мобильді операциялық жүйелер әлемдегі көшбасшылардың үштігі болып табылады.

1.5 Ұқсас мобильді қосымшаларға шолу

Қазіргі уақытта көптеген навигатор және экскурсовод ретінде қызмет ететін мобильді қосымшаларға үлкен назар аударылуда. Қолданыстағы мобильді бағдарламаларды қамтитын, ойындар мен қосымшалардың цифрлық таралуының Android операциялық жүйесіне арналған ең үлкен дүкеі Google Play-ден табуға болады.

Google Play (бұрынғы атауы - Android Play) – Google компаниясы ұсынып отырған түрлі қосымшалардан тұратын дүкен. Android операциялық жүйесін қолданатын құрылғы иесіне әртүрлі қосымшаларды орнатуға және алуға рұқсат береді. Әзірлеуші тіркелгісі өз өніміңізді жариялауға мүмкіндік береді және оның құны 25 доллар. Ақылы бағдарламаларды жариялауға кейбір елдің азаматтарына рұқсат жоқ. Google Play-ден көптеген пайдалы және түрлі стильдегі пайдалы қосымшаларды таба аласыз. Ол жерде ақылы және ақысыз түрде қосымшалар кездеседі. Google Play-ден төменде көрсетілген бағыттар бойынша қосымшаларды таба аласыз: білім, спорт, ауа-райы, транспорт, фотосурет, жұмыс, саяхаттау, өмір салты және т.б. бөлімдер бойынша қарастыруға болады.

Төменде Алматы қаласы бойынша мобильді телефондарға арналған қосымшаларды көруге болады. Бұл жерде ол мобильді қосымшалардың атқаратын қызметін және бір-бірінен айырмашылығын айтамыз.

“Almaty Bus” қосымшасы – бұл навигация категориясына жататын мобильді қосымша. Қосымшаның атқаратын басты қызметі Алматы қаласындағы автобустардың жол жүру бағытын, өзіңізге керекті автобустың қай жерде келе жатқанын анықтайтын қосымша. Қосымша тек қана орыс тілінде жүргізіледі.

“Мой Алматы” қосымшасы – жалпы справочник ретінде жасалған мобильді қосымша. Бұл қосымшада көлік, тамақ, дүкен, медицина және спорт жайында айтылған. Бастапқы беті күнделікті жаңалықтармен жаңарып отырады.

“Алма-Ата 2017” қосымшасы – саяхаттау категориясына жататын мобильді қосымша. Бұл бағдарлама оффлайн түрде жұмыс атқарады, бағдарламадан карта, навигация және көрікті жерлер туралы мағлұмат береді.

“Алматы City Guide” қосымшасы – жаңалықтар категориясына жататын мобильді қосымша. Себебі бұл бағдарламалада жаңалықтармен, түрлі жеңілдіктер туралы ақпараттар салынады. Бағдарлама жалпы 15 шақты бөлімнен тұрады. Бұл қосымшадан ауа-райын, жалдамалы пәтер, жұмыс және т.б. мәселердің шешімін табуға болады.

“AParking” қосымшасы – Алматы қаласы тұрғындарының көліктеріне арналған мобильді қосымша. Қосымшаның басты мақсаты көліктерге тұрақ орнын іздеу және оны төлеу. Қосымшаны қолдану үшін пайдаланушы тіркелу керек немесе өзінің логин, құпия сөзі арқылы қосымшаға кіріп, тұрақ ақысын төлеу керек. Қосымшаның картасы арқылы жақын маңдағы тұрақ орындарын көруге болады. Көбінесе сауда орталықтарының маңында көп кездеседі.

“Алматы - Метрополитен” қосымшасы – карта және нафигация категорияларына жататын мобильді қосымша. Қосымшаның басты мақсаты сізге поездардың қозғалыс кестесін көруге мүмкіндік береді. Қосымша келесі функциялармен жабдықталған: поездің кестесі, метро станциялары тураы ақпарат, галерея, Google картасы станциялардың орналасқан жері, метро тарихи туралы ақпарат, жолақы құны және т.б. Сонымен қоса мобильді қосымша үш тілде жүргізіледі. Бұл туристерге өте ыңғайлы мобильді қосымшалардың бірі.

“Almaty Bike” қосымшасы – сізге Алматы қаласының барлық велосипедтерін жалға алудың әрі тез және оңай жүйесімен танысуға мүмкіндік беретін мобильді қосымша. Бұл қосымшаны қолдану барысында, қолданушы ең алдымен жүйеге тіркелу керек. Тіркелу арқылы төлем жасайды, жақын маңдағы станцияда неше велосипед бар екенін, бос тұрақ орнын, өзіңіздің жүрген бағытыңызды және акциялар мен жаңалықтардан бірінші хабардар боласыз. Сондай-ақ велосипедтің жалға алу уақыты аяқталған кезде хабарлама келеді.

“Деревья Алматы” қосымшасы – Алматы қаласының аудан бойынша бөлінген жасыл желектерінің картасы. Қосымшадан жасыл желектер туралы жалпы ақпараттарды алуға болады. Ақпараттар тізімі: тұқымы, инвентарлық нөмірі, санат, жағдайы, отырғызған жылы, жасы, биіктігі және т.б. Сондай-ақ жалпы картографиялық ақпараттарды көрсетеді. Олар: көшелер, үйлер, парктер, өзендер және т.б. Объектінің инвентарлық нөмірі, мекен-жайы арқылы картадан іздеп, көруге болады.

“Аэропорт Алматы” қосымшасы – әуе қозғалысы үшін қажетті әмбебап қосымшалардың бірі. Қосымшадан рейстерді жөнелті, келу, егер кідіретін немесе жою туралы ақпараттарды Алматы халықаралық әуежайы тікелей хабарлама жіберіп отырады және сондықтан да сенімді мобильді қосымшалардың бірі болып саналады. Қосымшаның негізгі функциялары мынадай: рейстердің келуі, кетуі, кешіктіруі, такси қызметтерінің, қонақ үйлердің, туристік агенттіктердің, қалалық кассалардың негізгі ақпараты, тіркеу ережелері, кедендік бақылау, әуежай туралы ақпараттар және т.б. ақпараттармен қамтылған мобильді қосымша.

2 Жобалау бөлімі

2.1 UML тілі

Унифицирленген моделдеу тілі (ағылшын Unified Modeling Language – унифицирленген моделдеу тілі) - бірыңғай модельдендіру тілі. Ол бағдарламалық жүйелердің артефактілерін көрсету, спецификациялау, конструкциялау және құжаттандыру, сондай-ақ бизнес-процесстердің және бағдарламалық емес жүйелердің тілі [9].

UML-ды өңдеу 1994 жылы басталды, бұл кезде Rational Software Corporation-нан шыққан Джим Рамбег пен Гради Буч, ОМТ (объектілік моделдендіру техникасы) әдістемесін бірыңғайландыру бойынша жұмыстарды бастаған болатын. 1995 жылы бірыңғайландыру әдісінің алдын-ала шамаланған болжамы ұсынылды. 1995жылғы экономикалық құлдырау кезінде Иве Иакобсон және оның Objectory компаниясы Rational-мен бірікті. Буч, Рамбег және Иакобсонның әрекет жасауы 1996 жылдың қазан айында UML болжамында құжаттар жасаумен аяқталды. Олардың ынтымақтастығының арқасында 1997 жылы 1.0 болжамындағы UML ерекшелігі жарияланды [10].

UML тілі ең алдымен бағдарламалық жүйелерді жасауға арналған. Оны пайдалану келесідей салаларда пайдалану тиімді болады. Олар: кәсіпорын көлеміндегі ақпараттық жүйеде, телекоммуникацияда, ғылымда, банктік және қаржы қызметтерінде, медициналық электроникада, үлестірілген Web-жүйелерде және т.б.


UML тілінің артықшылықтары:

- UML тілі объектілі-бағытталған болғандықтан әдістерді талдау және жобалау нәтижелері заманауи объектілі-бағытталған тілдердің бағдарламалық әдістеріне жақындайды;
- UML жүйені мүмкін болатын барлық көзқарастар бойынша және жүйенің түрлі аспектілерін сипаттауға мүмкіндік береді;
- UML диаграммаларының синтаксисімен танысқаннан кейін оқуға оңай;
- UML тілі кеңейтілген, өзіңіздің графикалық және мәтіндік стереотиптеріңізді енгізуге мүмкіндік береді;
- қазіргі таңда UML кеңінен таралуда және қарқынды дамып келеді.

2.2 Прецеденттер диаграммасы

Прецеденттер диаграммасы аты және графикалық мазмұны бойынша кез-келген стандартты қасиетке ие диаграмма және моделдеудің бір түрі болып табылады. Бұл диаграммасының басқа диаграммалардан ерекшелігі оның нақты мазмұнында болып тұр.

Прецеденттер диаграммасы тапсырыс берушінің талаптарын сәйкестендіру және формалды түрде көрсету үшін пайдаланылады, яғни пайдаланушы сұрауын өңдеу үшін қандай ақпарат қажет екенін сипаттайды. Пайдаланушы жүйе құру үшін арналған зат облысын толықтай білу керек. Сонымен қоса ол жүйенің қалай және қандай жұмыс атқаратыны туралы ақпараттар болу қажет. Прецедент диаграммасы процесін моделдеу үшін пайдаланушы іс-әрекетін толықтай көрсетуін және толық реакциясына да бағытталған. Жүйенің орындалатын жұмысы онымен қалай айналысатынына, не қажет болуына байланысты. Объект моделінің өзгеруі прецедент моделімен байланысты болады. Динамикалық моделді құру негізі «сырттан ішке» деп аталады. Қолданушының прецеденттер диаграммасын 2.1-суреттен көруге болады



2.1-сурет – Қолданушының прецеденттер диаграммасы

Прецеденттер диаграммасын түсіндіретін болсақ, қолданушы қолданушы сеансы арқылы өзіне қажетті іс-әрекеттерді орындайды. Яғни, қолданушы тілді, демалыс орындары, тамақтану орындары сынды бөлімдерге операция жасай алады, сол сияқты осы бөлімдердің ішіндегі бөлімшелермен де операция жасайды. Ал админ сеансы арқылы қолданушы сеансы бақылай алады және қосымшаға доступ болады.

Қолдану диаграммасы (Use Case Diagram) – актерлар мен прецеденттер арасындағы қарым – қатынастарды көрсететін диаграмма және жүйені тұжырымдамалық деңгейде бейнелеуге мүмкіндік беретін прецедент моделінің ажырамас бір бөлігі. Ол активті денелердің көптеген графикалық көрінісін қолдануы, болмаса басқа нұсқаулардың амалдарымен байланысады.

Прецедент (Use Case) – белгілі бір актерге арналған, ол белгілібір нәтиже бере алатындай, бағдарлама жүйесімен орындалатын іс-қимылдар тізбегінің сипаттамасы болып табылады. Ол актер байқаған нәтижеге әкелетін жүйе

арқылы орындалатын дәйекті оқиғалардың жиынтығы. Прецедент негізінен моделдегі берілген мәндердің тәртіптік құрылымын жасайды және прецеденттер кооперациясының қатысуымен таратылады. Прецеденттер өте қарапайым түрде бейнеленеді, ол эллипс түрінде болады және оның ішіндеаты көрсетіледі.

Актер (Actor) – жүйеде берілген негізгі элементтермен байланыста болатын негізгі объектінің рөлі болып табылады. Сонымен қоса ол прецеденттермен немесе субъектілермен өзара қарым-қатынасқа байланысты ойнайтын логикалық рөлдердің жиынтығы. Актер мен қолданушы арасындағы ерекшелік келесідей: қолданушы жүйені толықтай пайдаланатын шынайы объект. Ол бірнеше рөлде ойнауы мүмкін, сол себепті ол бір емес бірнеше актер болуы мүмкін.

2.3 Класстар диаграммасы

Класс диаграммасы – жүйенің құрылымына, мінез-құлқына және басқа класстардың нысандарымен қарым-қатынастақ ие объектілер жиынтығын белгілеу үшін қолданылады. Яғни жүйені ендіру үшін басты диаграмма классы сызба көмегімен жүйенің ішкі жүйесі сипатталады, сонымен қоса мұралауды сипаттауын және қосымша класстар бір-бірімен өте тығыз байланысты. Класстар тақырыпша ретінде, ал артынан физикалық нысандар және ақпарат кодтары жазылады.


Класстың басты міндеті элементтері оның есімін белгілеуі. Диаграмманы әзірлеудің бастапқы кезеңдерінде жекеленген класстар тиісті класс атауын ғана көрсететін төртбұрышпен көрсетуі мүмкін. Диаграмманың соңғы нұсқаларында үш бөлімнен немесе секциялардан тұратын класстардың ең толық сипаттамасы бар деп есептелінеді. Кейде белгіленген класста қосымша төртінші бөлім пайда болады, ол жерде сілтеме сипатындағы семантикалық ақпарат беріледі немесе ерекше жағдайлар көрсетіледі.

Кез-келген жүйенің архитектурасы пайдаланушының графикалық интерфейсінен, бизнес-объектілердің моделінен және деректер қорынан тұррады.

Интерфейс дегеніміз жүйенің қолданушылар деңгейі. Кез-келген қолданушы міндетті түрде деректер қорымен әрекеттесуі керек. Интерфейстерменен деректер қоры, қолданушылар арасындағы байланысты бизнес-моделдер орындайды. Осы үштіктің байланысын көрсететін диаграмма класстар диаграммасы деп аталады. Ке-келеген класстың атрибуттары, орындайтын операциялары және қосымаша дереткер сақтайтын бөлігі болуы мүмкін.

Класс ортақ атрибуттары бар, функциялары, семасиология және басқа да объектермен бацланысқан объектілер жиынтығын анықтайды. Класс объектіні

құруға арналған шаблон ретінде қарастыруға болады. Класстар диаграммасы 2.2-суретте көрсетілген.



2.2-сурет – Класстар диаграммасы

Класстар арасында өзара қатынастар бар. Олар: тәуелділік қатынастары (dependency relationship), ассоциация қарым-қатынасы (association relationship), жалпыға ортақ қатынас (generalization relationship) және іске асыру қатынасы (realization relationship). Агрегаттық қатынастар олар мұрагер қатынастар болып есептелінеді. Қолдану қатынастары. Ассоциативті болып саналатын байланыстар, бағыттық, сонымен қоса уақыттық және қалыпты байланыстар. Сонымен қоса класстың өзіне тән түрлері бар. Олар: абстрактылы класс, активті класс, пассивті класс және де квалификациянды класстар болып бөлінеді.

Класс атрибуттары (attribute) – берілген класстың барлық объектілеріне жалпы болып табылатын жеке құрылымдық сипаттарын немесе қасиеттерін көрсету үшін қолданылады.

Көрсетілім (visibility) – мүмкін болатын 4 мәннің бәрін қабылдайтын және сәйкес кілттік сөзбен, әйтпесе арнайы символдардың көмегімен бейнеленетін мән.

Класс операциялары (operation) – берілген класстың барлық объектілеріне арналған тәртібінің жеке сипаттамасын көрсету қызметін атқарады.

2.4 Тізбек диаграммасы


Тізбек диаграммасы – бұл жүйенің мінез-құлқын сипаттайтын хабарламалардың берілуін көрсететін тәсіл. Басқаша айтқанда тізбек диаграммасы объектілер арқылы хабарларды қабылдау және қабылдаудың

уақытша сипаттамаларын көрсетеді. Тізбек диаграммалары әдетте сценарийлермен өзара әрекеттесетін объектілермен, ола алмасатын хабарлар және хабарлармен байланысты нәтижелер қайтарылады. Бірақ та жиі қайтарылған нәтижелер контекстен анық болмаған жағдайда ғана көрсетіледі. Тізбек диаграммасының негізгі элементтеріне объектілер, төртбұрыштар және көрсеткілер жатады.

Тізбек диаграммасындағы актерлер арасындағы өзара әрекеттесуді бағытталған көрсеткіштер арқылы көрсетіледі. Көрсеткілер сценарийдің барасы мен талданатын прецедент кезінде орын алған оқиғаларды көрсетеді. Бағытталған көрсеткіштердің жалпы бес түрі бар. Олар: синхронды хабарламалар, жауап хабарламалары, асинхронды хабарламалар, жоғалған хабарламалар және де табылған хабарламалар. Синхронды хабарлама кезінде жіберуші-актер прецедентте қандай да бір әрекетті жасауы үшін алушы-актерге бақылауды жібереді. Жауап хабарламалары синхронды хабарламаға жауап болып табылады. Асинхронды хабарламаның қызметі дәл синхронды хабарламаның қызметі болып табылады. Жоғалған хабарламаларда хабарламалар мекен-жайсыз болады, яғни жіберуші актер бар бірақ қабылдап алушы актер жоқ. Ал табылған хабарламаларда хабарлама жіберуші актерсіз болады.

UML талаптарына сәйкес тізбектелген диаграммада объект тіктөртбұрыш ретінде көрсетіледі. Объектілерді үш түрлі атаумен атауға болады, олар: тек оның атауын көрсетіп кету қажет, класс пен объектінің атауын беру қажет немесе класстың атауымен шектелу керек.

Тізбектер диаграммасы 2.3-суретте көрсетілген.



2.3-сурет – Тізбек диаграммасы

Суретте тізбек диаграммасы көрсетілген. Бұл диаграммада қолданушы мен админның рет-ретімен орындайтын операциялары жазылған. Собынмен қоса

бір операциядан екінші, үшінші операцияға өту жолдарын, кері қайту операциясын және жоюға болатын операцияларды көруге болады.

2.5 Кооперация диаграммасы


Кооперация диаграммасы – бұл жүйенің мінез-құлқын, мақсатына жету немесе кейбір қолдану жағдайларын жүзеге асыру үшін бір – бірімен хабар алмасатын жеке объектілер деңгейінде сипаттайтын диаграмма. Сонымен қоса ол объектілердің өзара әрекеттесуін білдіретін альтернативті жүйелі диаграмма. Кооперация диаграммасы жүйенің жұмыс істеу барысында субъектілердің өзара әрекеттесуін баяндайды. Бұл диаграммалар жүйе жоспарының сценарийлерін бейнелейді.

Кооперация диаграммасында объект экземпляры пиктограмма түрінде бейнеленеді. Тізбектелу диаграммасындағыдай, мұнда тілшелер алмасуы қолданудың бір нұсқасы болатын хабарламаны білдіреді. Оларда хабарламаларды нөмірлеу жолымен белгіленеді. UML-да нөмірлеудің ондық жүйесі қолданылады, себебі қандай жағдайда қандай операция қандай процедураны шақыратыны түсінікті болады, бірақ та олардың жалпы тізбектелуін көру қиындау болады.

Кооперация диаграммасы негізгі үш элементтерден тұрады. Олар: объектілер, сілтемелер және хабарламалар. Объектілер-ынтымастыққа қатынасты заттар екі клиент пен жеткізушіге келеді. Жеткізу нысандар – шақырылатын методты қамтамасыз ететін нысандар, сол себепті олар хабарды алады. Сілтемелер-бірлескен жұмыс диаграммасындағы нысандар арасында жасалған байланыс желілері осы сілтемелер болып табылады. Кез-келген сілтеме нысандар арасындағы қатынасты білдіреді және де нысандардың бір-біріне хабар жіберу мүмкіндігін білдіреді.

Диаграммадан көріп тұрғандай кооперация диаграммасында қолданушының бағдарламалық қамтаманы қолдану барысында визуалды схемасы бейнеленген. Яғни ең бірінші қадам бойынша қолданушы басты бетке кіреді, одан соң өзіне қажетті бөлімге кіреді де қажетті ақпаратты алады, ал ақпараттарды алу барысында декреттер қорында сұраныс орындалады. Қажетті ақпаратты алып болған соң қолданушы бағдарламадан шығып кетеді.

Жүйенің жұмыс істеу барысында кооперация диаграммалары субъектілердің өзара қарым-қатынасын көрсетеді. Бұндай диаграммалар жүйе тәртібінің жоспарларын моделдейді. Кооперация диаграммасы 2.4-суретте көрсетілген.



2.4-сурет – Кооперация диаграммасы

2.6 Күй диаграммасы

Күй диаграммасы (State machine diagram) – кейбір нысандарды орындау кезінде белгілі бір белгіленген іс-әрекет болмаса, басқа оқиғаның келуін кутуде мекендеуді жүзеге асыратын жиынның шарты. Объектілердің күй классы бір немесе бірнеше деректермен бейнеленеді.


Күй диаграммасы – бұл нышанның бір қалыптан басқа қалыпқа ауысуын ажырататын және іс-әрекеттерінің қалпыларын ауыстырумен ескертілген, оқиғалардың немесе хабарлаулардың объектілік жағдайларының графикалық түрдегі көрінісі.

Диаграмманың басты қызметі объектілердің мінез-құлқын моделдеу үшін пайдаланылады. Ол дербес болуы мүмкін және класстың мінез-құлқын моделдеуге қолданылады, прецеденттер мен т.б. жалпы алғандағы жүйелерде қолданылады.

Объектінің өзінің бастапқы қалпын уақыт бойында қай бағытқа өзгертетінін түсініп білу үшін жағдайдың өзгеруінің спецификациясы болады. Субъектінің жағдайы ондағы қатынас атрибуттарының және атрибуттарының мағынасымен бейнеленеді.

Күй спецификациясы – класс атрибуттарын сипаттайды. Ал тәртіп спецификациясы – класс орталарын анықтайды және олардың кейбіреуі нышан күйін басқаға өзгерте алады. Объектілер жағдайын моделдеу күй диаграммаларының арқасында жүзеге асырылады. Күйлер сызбасы – дегеніміз өзгерістер мен күйлер графы. Күй моделдері жүйеге маңызды класстар үшін сызылады.

Объектілер белгілі бір нүктешеден шығып, соңғы нүктешеге жеткенше барлық нүктешелерден өтеді және де соңғы нүктешеге де жетеді. Күй диаграммасы 2.5-суретте көрсетілген.




2.5-сурет – Күй диаграммасы

2.7 ER диаграммасы

ER диаграмма бұл деректер моделі, тұжырымдамалық схемаларды сипаттауға мүмкіндік беретін деректер моделі. ER моделі жоғары деңгейлі деректер қорларын жобалау кезінде қолданылады. Ол моделдің көмегімен объектілерді таңдау мүмкіндігі болады және ұйымдар арасындағы қарым-қатынасты анықтауға болады.

Көбінесе ER модельдері деректер қорын жобалауда қолданылады. Олар реляциялық деректер қорын жобалау кезінде пайдаланылады. ER схемасындағы объектілер кестелерге, атрибуттарға айналады және олар дерекқор схемасына түрленеді.

Проектті құру барысында бір бөлімге бірнеше мәліметтерді енгізу керек және мәліметтерді деректер қорына толтыру керек. 2.6-суретте мобильді қосымшаның ER диаграммасы көрсетілген.



2.6-сурет – ER диаграммасы

3 Мобильді қосымшаны құру және оны іске асыру

3.1 Автоматтандырылған турист-жолкөрсеткіш проектісі

Автоматтандырылған «Турист-жолкөрсеткіші» проектісінің толық барлық құрылымы бар, барлық құралдары бар, ыңғайлы, көпфункционалды және оңай өзгергіштік қасиеті бар мобильді қосымша.

RESTful API мобильді қосымшаға үздіксіз ақпарат алмасуды қамтамасыз етеді. Деректер қорын толықтырады және де қажет емес ақпараттарды жояды. Бұл мобильді қосымша тек қана Android операциялық жүйесіндегі ұялы телефондарда ғана іске қосылады.

Мобильді қосымшаның қызметі – туристерге арнайы ыңғайлап, жеңілдетіп және жылдамдатып өз ақпараттарын жүктеуге ұсыну арқылы барлық мүмкіндіктерді пайдаланушыларға ұсыну.

